

## «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**ЫСЫРАЙЫЛ Ұлжалғас**

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Жол-көлік колледжі  
Шымкент/ Қазақстан  
e-mail: lysyrayyl@bk.ru

**Аңдатпа.** *«Айқап» журналы туралы толғамды ойлар мен бүгінде баспа бетінде жарыққа шығып жүрген кейбір ой салар дәнеңесі жоқ газет-журналдар тілге тиек етілді. Газет-журналдар халықтың мұңы мен жоғын, шырылдатар шындықты жазу керектігін, сонда ғана бүгінгі күнде дәріптелуі аз «Айқап» журналындай өз дәрежесін қазақ баспасөзінде ойып орын алары даусыз-ақ белгілі екендігі айғақталды. Ұрпақ тәрбиесінде, жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамытуда да «Айқап» журналы алтын көпір болары сөзсіз. Бірінші кезекте, сол алтын көпірді байланыстырушы педагогика саласының бiмгер ұстаздары екені белгілі. «Өткенін зерделемеген халықтың болашағы бұлыңғыр» демекші, өткеніміз, мәдениетіміз, әдебиетіміз туралы, елдік жолында күрескен қазақ жанашырларының әрбір дәйекті сөздерінен, тарихымыздың ақтаңдақ беттерінен сыр шертетін - ХХ ғасырдың басындағы баспасөзді, «Айқап» журналын студенттерге дәріптеп, өткені мен бүгінгісін ұштастыра білетін саналы ұрпақ тәрбиелеу жайлы, осы баспасөздің заңды жалғасы болған бүгінгі газет-журналдарды сыныптан тыс жұмыстарда студенттердің оқу-танымдық қызығушылығын оята отырып, оқуға шақыру тұрғысында сөз қозғалады.*

**Кілт сөздер:** *«Айқап» журналы, газет-журналдарды студенттерге дәріптеу, оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыру, жарияланған материалдар, қызығушылығын ояту.*

**Кіріспе.** Санасында талай ғасырлардың сырын сақтап, сан алуан сын белестерден өткен қазақ еліннің басына тәуелсіздіктің тәжін киген соңғы жиырмадан аса жылдың төңірегінде дамуымызда ұлттық рухани бірқатар оң өзгерістер орын алды. Алмағайып сонау бір замандарда жоғалтып алған және жоғалта жаздап қауышқан асыл қазыналарымыздың біразын қайта таптық, өшкенімізді жандандырдық. Құрылымдық сипаты ғана емес, қоғамның тұтастай ойлау жүйесі жаңарды. Соның нәтижесінде кешегі ұлттық игілігіміз бен мұраларымызды өз қамқорлығымызға қайта алып зерттеп-зерделей келе, өткенімізді ой елегінен өткізіп, сол мұраларымыздың қаншалықты құнды екендігін аңғардық.

Атадан балаға мирас болып қалатын мал-мүлік сынды байлық емес, мұра деген де, кешегі өркениетімізбен, бар-жоғымыздың қызғыштай қорғаны болып, қазақ халқының қолында бар салт-санасын сақтап қалуға шақырып, өркениеттің

соңынан қалмаудың қамын жасап елімізді жер жаһанда болып жатқан жаңалықтармен құлақтандырып, қара халықтың жоғын жоқтап, мұнын мұндаған газет-журналдарды студенттерге дәріптеу, оқу – танымдық қызығушылығын ояту- бүгінгі педагогика саласындағы әрбір ұстаздың парызы. Бұл арқылы студенттерді жан-жантылыққа бағыттарымыз анық.

«Айқап» журналы, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Сарыарқа», «Қазақстан» «Қазақ», «Алаш», «Бірлік туы» газеттерінің жалғасы ретінде бүгінде басылым бетінен жарық көріп жүрген «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерін ерекше атап өтуге болады. Заңды жалғасы болған газеттер студенттерді әдеби шығармалар, ойлы-танымды сұхбаттар мен ақиқатты аңғарта білген материалдары арқылы баурап алары сөзсіз.

Әдістердің бірі өз бетінше жұмыс істеу әдістері, оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру әдістерінің бірі негізінде студенттерге бағыт-бағдар беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу, ел қамын ойлайтын, ел тұтқасын ұстайтын азаматтар мен азаматшаларды тәбиелеу жолында ізденіс пен шыдамдылықтың қажет екені айдан анық (Қоянбаев және Қоянбаев, 1993: 125).

*Негізгі бөлім.* Студенттердің оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыру барысында өзіндік шығармашылық жұмыстар арқылы көркемдік талғамын арттырып, білімге ынтасын дамытып, кітап, газет-журналдарды сүйіп оқуға, талдай алуға және өздігінен пайдалана білуге үйрету қажет. Үйретудің нәтижесінде ықыласын жетілдіріп, олардың шығармашылық істерге міндеттендіріп, өздігінен іздене білуге, ой еңбегі саласындағы күрделі жұмыстарды ыждағатпен орындай білуге төселендіріп, өмірден көргенін орнықты жеткізіп, ой-түсінігін, сезімдік әсерлерін нақты жаза алуға үйрете бағытталуы тиіс.

Осындайда Олжас Сүлейменовтың «Газет оқымайтын ұрпақтың, өз ақпаратына мән бермейтін биліктің болашағы бұлыңғыр. Интернет – су секілді. Ондағы миллиондаған ақпараттың жалған-шыны аралас. Елді түзейміз десек, әуелі ақпаратты түзеуіміз керек», - деген сөзі еске түсері анық (Сүлейменов, 2020: 2).

Ұлт баспасөзінің қалыптасуы Ресей Патшалығына тәуелді тұстан басталғандықтан, цензура тұрғысынан үздіксіз қысым мен зорлықтың мол болуына байланысты жеке қайраткерлік тұлғалардың бастамасымен шығып отырған қазақ газеттері жабылып қалып отырды. 1911-1915-жылдар аралығында шығып тұрған «Айқап» журналы еді. «Айқап» журналының редакторы Мұхаметжан Сералин болды. Журналда қазақ оқығандарының халыққа ұсынысы мен азаттық жолды аңсаған мақалалары басылды (АЙҚАП, 1995: 17).

«Айқап» журналында көтерілген мәселелердің бастысы – жер мәселесі болды (АЙҚАП, 1995: 91-92). Ресей Патшалығы кең байтақ өлкеде емін-еркін өмір сүрген көшпелі қазақ халқын отырықшылық өмірге көшуге күштеді. Осы кезде қазақ оқығандарының пікірі екіге айырылды. Бірі – отырықшы өмірді қолдаса, бірі – көшпелі өмірді қолдады. Орыстардың жерді бөліп бергенде, шұрайлы, суы мол жерлерді өздері алып, ең нашар жерлерді қазақ халқына бөліп беріп жатқандығын газет-журналдарда ашына жазды. Сондай-ақ «Айқап» журналында көтерілген мәселелердің бірі – әйел теңдігі мәселесі. Журналда қыздарды оқытпай, жастайынан ерге беретіндігі, 15 жастағы қызды 60-70 жастағы шалға беретіндігін қынжыла жазды. Осында сөзімнің дәлелі ретінде осы бір «Қазақ қыздарының аталарына» атты Тілеубайқызы Сақыпжамалдың мақаласын атап өткен жөн (1911, №7, 11-12 бет). «Адам баласының тәлім-тәрбиесі анадан ауысады, бүкіл адамзатты тәрбиелеуші – ана», – деп, олардың отбасындағы атқаратын рөлін өте жоғары бағалады. Осы мәселені журнал көтере отырып езілген қазақ әйелдері қатарын жұмысқа шақырды (АЙҚАП, 1995: 26). Қазақ халқының ер балаларын оқытып, қыз баланы қалың малға сатып, сүймеген адамына еріксіз ұзататынын сынады. «Бізді оқытпайсыз, ер баланы оқытасыз да, қыздар оқыса бұзылады дейсіз. Оқығаннан бұзылған әйелдер бұзыла ма екен. Адамды оқу бұза ма екен? Біле білсең, қыз баланы көбірек оқыту керек. Түбінде қыз бала бала-шағаның анасы болады. Ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алар ма?! Қыздарыңызды көбіне жәбірге ұстап бересіз, ұстап бергеніңіз сол, 50-60 жастағы шалға 14-15 жастағы қыздарыңызды бересіз. Екеуі тең емес пе тең бе оған қарамайсыз. Шырылдатып ұстап бересіз. Егер де тең болса 50-60 жастағы кемпірді 14-15 жастағы ұлдарыңызға неге алып бермейсіз?» – деп тоқтайды Сақыпжамал. Бұдан артық ашынып жазып, бұдан артық жеткізу мүмкін емес сияқты. Сол кезде мақала миллиондаған қазақ қыздарының ар-ұятын оятып, намысын жаныған, қазақ даласын дүркіреткен үлкен бір серпіліс болды (АЙҚАП, 1995: 26).

«Айқап» журналы арқылы қаламгерлер халықты ғылымға, оқуға, өнер-білімге шақырды. Осы ізгі жол арқылы тұрмысты жақсартуға болатындығын айтып, ізгі жолға қарай бағыт сілтеді.

Сонымен қоса, қазақ ақын-жазушылары «Айқап» журналында көркем шығармаларын бастырып, сыни пікірлерді өздеріне қабылдай алып, жіберген кателіктермен жұмыс жасап, биік деңгейдегі шығармаларын әкелді.

«Айқап» журналының редакторы, шығуы туралы Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивінде мынадай деректер сақталған: Орынбор губерниясының Троицк қаласында 1910 жылы 18 январьда берілген куәлік бойынша шығатын қазақ журналы туралы Қостанай облысы, Шұбар болсының

№5 ауылының қазағы М.Сералиннің жауапкершілігімен және редакторлығымен «Айқап» атты журналды төменгі бағдарламамен шығаруға рұқсат берілді:

1. Бас мақала,
2. Шет ел хабарлары,
3. Мұсылман өмірінен мәселелер,
4. Хроника,
5. Өлеңдер мен фельетондар,
6. Ғылыми мақалалар және библиография,
7. Редакцияға хат пен әртүрлі хабарлар (АЙҚАП, 1995: 25).

«Айқап» журналының бетінде шыққан материалдарды профессор Б.Кенжебаев тақырып, мазмұн жағынан былайша бөлімдерге бөлген:

1. Саяси – әлеуметтік мақалалар,
2. Әдебиет мәселелері, әдеби шығармалар,
3. Қазақ арасындағы маңызды мәселелер және оқу-ағарту ісінің жай-күйі,
4. Әліппе, ана тілі, еміле мәселелері,
5. Бостандық, теңдік мәселесі, қазақ әйелдерінің жайы,
6. Агротехникалық, дәрігерлік кеңестер, ғылым табыстары,
7. Ішкі-сыртқы хабарлар,
8. Кітап сындары,
9. Жауап хаттар, тілші хаттары.

Тақырыптың ауқымдылығынан көріп отырғанымыздай, «Айқап» журналында халықтың саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайларынан көптеген мақала, хабарлар жарияланып, сол кездегі көкейкесті мәселелерді халқадірінше көтеруге, халыққа жеткізуге тырысты (АЙҚАП, 1995: 25).

«Айқапта» жарияланған материалдар көптеген қазақ жастарының санасын оята білді. Қоғамда өз еліне адал, патриот қайраткерлер тобының қалыптасуына ықпал жасады.

Жалғыз қазақ тілінде шыққан журнал «Айқап» ғана болғанымен онда қазақтың 20 ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өмірінің мәселелері, өткен кездегі де, мәдениет және әдебиет жайында, әйелінің теңдігі, халық ағарту жұмысы мен тілдің дамуы жайында жазылды (АЙҚАП, 1993: 35). Ғылым мен техниканың кейбір тыныстарына, агротехника, медицина мәселелеріне, елдің сыртқы-ішкі жағдайына және басқа мәселелерге едәуір көңіл бөлінді. Кейбір мәселелер журнал бетінде халықтың армандары мен талаптарына сәйкес жазылып отырды (Сұханбердина, 1996: 45). Алғашқы басылымдарда қалай дегенмен де елдің қара қазанында бұрқырап қайнап, ернеуінен төгілуге шақ тұрған бай әдебиетті көп жарияланды. «Айқап» журналы әрбір санында ел ішінің өнер кеніштеріне елеулі орын беріп отырды. Осы туралы Мұхамеджан Сералиннің былай деп жазғаны бар екен: «Қазақ осы күнде қалың орманға кіріп адасқан адам

секілді. Қалай жүрсе жөн боларын білмей дағдарған кезі. Олай - былай жүріп еді, жол табылмады. Енді тоқтап тың тындап, қайдан қандай дыбыс шығар деп құлағын салып тұрған кезінде әркім шама – қадірінше, адасқанына айғайлап дыбыс беретін сықылды. Үнін шығарып, ойын айтуға міндетті» (АЙҚАП, 1995: 25). Осы айтылған пікір сол кездегі қазақ зиялыларының шын сыры екені даусыз. Ұлт оқығандары «Айқап» журналын халықтың ойы, тілі, көзі деп түсінді. Олар біздің осыншама артта қалуымыздың басты себебі, жалқаулығымыздан, сауатсыздығымыздан, бір-бірімізді көре алмайтын күншілдігімізден деп түйді. Осындағы, аты аталған «адамзат дұшпанынан» қалай құтылудың жолын-жөнін іздеп, әркім өз әлінше баспасөзге атсалысты.

Кез келдің заманында журнал «Айқап»,

Білгендей шөлдегенін жұрттың байқап.

Жасаған ұзағынан сүйіндіріп,

Кетсе екен Еділ, Жайық бәрін жайқап, – деп тебіренді Мұхамед Мақұлов (АЙҚАП, 1995: 26). Қазақ халқының ұзақ уақыт өміріндегі тарихи, әдеби даму кезеңі болды.

Өркениеттің қарыштап дамыған бүгінгі таңында соған лайық қоғамның бар саласында оң өзгерістердің толып келе жатқандығы көңілге қуаныш ұялатады. Бірақ қуаныштардың барлығы аспалы-төкпелі емес өз орнымен болса ғой, шіркін! Кез келген кітапхана сөрелері мен кітап-журнал сату дүңгіршектерінде оқырманын күтіп сарғайып тұрған керексіз, керекті газет-журналдардан бүгінгі күні аяқ алып жүргісіз болып кеткендігі ақиқат екендігін баршамыз мойындаймыз. Нұр үстіне нұр болар еді іздегеніңізді тауып жатсаңыз сол газет-журналдардан. Кейбір дүниелердің көбі ішінде оқырманға ой салар дәнеңесі жоқ, түкке тұрғысыз дүниелер екендігін көріп ішің қынжылады. Жөн-жосықсыз газет-журнал шығару керек деп оларды көбейте берсек, текке шығынға бататынымыз кәміл. Оралхан Бөкей атамыз айтқандай, «Бардың қадірін білу үшін жоғалту керек, тоқтықтың қадірін білу үшін ашығу керектің» кебін киіп, барымызды жоғалтып алмауға тырысуымыз керек. Газет-журналдар не жазса да шырылдатар шындықты, халықтың мұңы мен жоғын жазуы керек. Оларды сонда ғана оқырман қолына алары сөзсіз. Осыдан шықанына бір ғасыр толған «Айқап» журналының орны ерекше үңірейіп тұрғандығын аңғарамыз.

«Айқап» қазақ баспасөзінің, қазақ халқының алғашқы қарлығашы, яғни алғаш шыққан журналы. Бізге ең бірінші кезекте, бұл журнал осынысымен ыстық. Екіншіден, ұлттық интеллекттеріміздің қалам сиясы тамған, бұл газет бізге осынысымен де қымбат. Журналды ашып, жариялауда қазақтың басына қара бұлтын үйілтіп тұрған әнеу бір қылышынан қан тамған шақтағы саясаттан қорықпай елді ынтымақ пен бірлікке, оқуға шақырған сол жолда аянбай тер

төккен қазақтың сүт бетіндегі қаймақтарының еңбегі орасан зор (Сұханбердина, 1996: 28).

Сол кездегі зиялылардың ой-армандары, идеясы адаспай, алдымыздан шығып отыр. Көксегені де олардың осы тәуелсіздік болатын.

**Қорытынды.** Баспа бетінде төрт жыл жарыққа шыққан «Айқап» журналы қазақ халқы үшін төрт ғасырдан астам қызмет еткендей із қалдырғаны сөзсіз. Халық үшін аянбай тер төккен жазушы-ақындар елдің сан-саласына қаламдарын тербеп, бүгінде еңбектері мәңгілік мұра болғандығы ақиқат. Қазақ халқының ертеңі үшін олар елдігімен бірлігі, білімділігі үшін ат үстінде айқасып, жандарын құрбан ете жүріп, солақай саясатпен қасқайып тұрып айқасты. Қаптап кеткен бүгінгі мыңдаған басылымның бір «Айқапқа» тати алмай жататыны бар. Бұл да болса «Айқаптың» бағасының қаншалықты екендігін айқындайтын айқын бір дүние. «Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды» деген екен Әбіш Кекілбаев. «Айқап» сынды асыл дүниелерімізді барымызда сарғайған қалың газет-журналдар ішінен аршып, лайықты бағасын бере білейік. Студенттерге дәріптеп, өткені мен бүгінгісін ұштастыра білетін саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында алтын көпір болары сөзсіз.

Қорыта келгенде, ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғамның тәрбиесі. Келешек қоғам иелерін ақыл-парасаты мол, жан-жақты жетілген, мәдени ой-өрісі озық етіп, өткені мен бүгінгісін ұштастыра білетін саналы ұрпақ тәрбиелеу – біздің, ұстаздардың, қоғам алдындағы борышы.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Сүлейменов О. (2020). Шекспирі жоқ елден, Ньютон да шықпайды // «Қазақ әдебиеті» газеті. – № 38, 2 қазан, 2020. – 2 б.
2. «Айқап» энциклопедиясы (1995). /Бас редактор Нұрғалиев Ү. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». – 367 б.
3. Кенжебаев Б. (1993). XX ғасыр басындағы әдебиет. Жетінші кітап. Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
4. Сұханбердина Ү. (1996). Дала уалаятының газеті: Әдеби нұсқалар (1895 – 1898). 5-кітап/ Құрастырған Ү.Суханбердина. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, – Алматы: «Ғылым», 1995. – 216 б.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. (1993). Педагогика: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Білім. – 384 б.

**ЫСЫРАЙЫЛ У.И.**

Дорожно-транспортный колледж, учитель казахского языка и литературы  
г. Шымкент/ Казахстан

### **Воспитательное значение журнала «Айқап»**

**Аннотация.** Были упомянуты мысли о журнале «Айқап» и некоторых непопулярных газетах и журналах, которые издаются сегодня. Понятно, что газеты и журналы должны писать о нуждах людей, истинную правду, и только тогда они смогут закрепить свой статус в казахстанской прессе. Несомненно, журнал «Айқап» станет золотым мостом в становлении и развитии личности и целого поколения. И связующим звеном этого моста являются наши педагоги. Сказано, что «народ, который не знает свое прошлое, не имеет будущего». Пресса начала XX века повествует о нашем прошлом, нашей культуре, о каждом человеке, который сражался за свою Родину. Современные газеты и журналы являются законным продолжением этой прессы, которая приобщает студентов к чтению.

**Ключевые слова:** Журнал «Айқап», распределение студентам газеты-журналы, формирование интерес к познанием учебы, публикуемые материалы, возбуждение интереса.

**YSSYRAIYL U.I.**

Road transport College, teacher of Kazakh language and literature  
Shymkent/ Kazakhstan

### **Educational value of the magazine “Aikap”**

**Abstract.** Was mentioned thoughts about the magazine «Aikap» and some unpopular Newspapers and magazines, which are published today. It is clear that Newspapers and magazines should write about the needs of people, the true truth, and only then they will be able to consolidate their status in the Kazakh press. Undoubtedly, the magazine «Aikap» will become a Golden bridge in the formation and development of the individual and the whole generation. And our teachers are the connecting link of this bridge. It is said that « a nation that does not know its past has no future» .The press of the early twentieth century tells about our past, our culture, and every person who fought for their Homeland. Modern Newspapers and magazines are a legitimate extension of this press, which introduces students to reading.

**Keywords:** “Aikap” magazine, distribution of newspaper-magazines to students, formation of interest in learning, published materials, encourage interest.